

## Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарлату туралы

### **Күшін жойған**

Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 3 қыркүйекте № 45-3 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 2 қазанда № 2792 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 22 мамырдағы №26-7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 22.05.2018 №26-7 (алғаш ресми жарияланғаннан күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 386 бабының 5 тармағына, 444 бабының 1-тармағына сәйкес аудандық мәслихат

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 19.05.2016 № 2-8 (алғашқы ресми жарияланған күннен құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге жоғарлатылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда- Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 19.05.2016 № 2-8 (алғашқы ресми жарияланған күннен құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жерсалығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау және интернет ресурстарында жариялауды аудандық мәслихаттың аумақтық әлеуметтік-экономикалық дамуы, бюджет және жергілікті салықтар мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы:

Ә. Ботаев

Жамбыл аудандық

мәслихат хатшысы м.а.:

Н. Үкібаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК